



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Бәрекелді!



Фото: ашық дереккөз

«Күміс домбыра» Сыр өңірінде

Шымкент қаласында республикалық «Тәуелсіздік – бабалар аманаты» атты «Күміс домбыра – 2024» жас ақындар айтысы өтті. Бұл – жас ақындар арасындағы жылдың ең басты қорытынды айтысы. Төрт жыл қатарынан дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан бұл жарыс биыл да елдің түкпір-түкпірінен іріктелген өнерлі жастарды бір сахнада тоғыстырды. Биылғы додаға еліміздің әр өңірінен 16 ақын қатысты.

Айтыстың басты ерекшелігі ақындар сахнада халықтың алдында жеребе арқылы 16 ақын бір-бірімен жұптасып айтысады. Ақтық кезеңге қазылардың шешімімен 8 немесе 6 ақын жолдама алады. Әр жұпқа 20-25 минут уақыт беріледі. Ақтық кезеңде 6 ақын, яғни 3 жұп айтысады, әр жұпқа 15 минут уақыт беріледі. Ең үздік өнер көрсетіп бас жүлде алған ақын «Күміс домбыра» иегері атанады.

Жарысқа қатысушылар айтыс өнеріне қызығатын жастардың қатары көп екенін айтады. Екі күнге созылған бұл айтысты ерекше ықыласпен тамашалаған көрермен айтыс өнерінің құдіретіне танданыстарын білдірді. Жастардың суырып салма өнерін көрсетуімен қатар, ұлттық өнерімізді ұлықтаған бұл айтыста қазылар алқасы әр өңірден келген. Мәселен, қазылар алқасының төрағасы «Алтын домбыра», «Құрмет» орденінің иегері Бекарыс Шойбеков болды. Қазылар алқасы құрамында Еркебулан Қайназаров, Өміржан Келбосынов, Анар Жаппарқұлова және Ахметжан Өзбеков секілді қазақ өнерінің майтал-

мандары бар. Олардың әділ төрелігі қатысушылардың өнерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді.

Айтысқа қатысушылар сахнада шеберліктерін көрсетіп, қоғамдағы өзекті мәселелерді сөзбен өрнектеді. Әсіресе, елдік пен бірлік, рухани құндылықтар, жастардың рөлі секілді тақырыптар басты назарда болды. Әр ақынның өнері қазылар тарапынан әділ бағаланып, жүлделер өз иелерін тапты.

Бас жүлдені қызылордалық жерлесіміз, жас ақын Бексұлтан Орынбасаров иеленді. Жас ақынға «Күміс домбыра» және қаржылай сыйақы берілді. Бірінші орынға Қарағанды қаласының ақыны Нұрмұхамед Байсүгіров лайық деп танылды. Екінші орынды түркістандық Нұрдаулет Өмірбек пен шымкенттік Нұрмахан Жақыпбек бөлісті. Ал үшінші орынға Алматы облысынан келген Шынарбек Тұрсын мен Шымкент қаласының дүлдүлі Ахметрасул Баянбай қол жеткізді. Айтыста Ұлытау облысынан келген Сырым Нығызбаев пен Қостанай облысының намысын қорғаған

Айбар Рағатов арнайы жүлделермен марапатталды.

– Айтыс өте тартысты өтті. Айтысқа бір ай дайындалдым, нәтижесінде бәрі ойымдағыдай болып, жеңіске жеттім. Сыр өліне «Алтын домбырадан» кейін «Күміс домбыра» келе жатыр. Әрине қарсыластарым мықты болды. Бұл жерде біздің мақсатымыз сөз таластыру емес, тыңдарманның көңіл түкпіріне ой салу. Тәуелсіз елдің ұланы ретінде еліміздің жеткен жетістігі мен жастарға берілген мүмкіндіктерді жырладым. Нәтижесінде жеңімпаз атандым. Көңілден танылған байтақ елімізді жырлаудан шаршамаймын. Қуаныштымын! Маған тілектес болған қандауыр болған жерлерімізге мың алғыс. Қолдаған аға-бауырларыма мың алғыс, – деді Бексұлтан Орынбасар.

Республикалық деңгейде ұйымдастырылған айтыс өскелең ұрпақты отаншұткітке тәрбиелейді. Сондай-ақ қазақтың төл өнері мемлекеттің мерейін арттыраты сөзсіз.

Ж.АРЫН

Аймақ жаңалықтары



Жылу беру маусымы қалыпты жағдайда өтуде

Абырой болғанда, облыс бойынша жылу беру маусымы оқыс оқиғасыз, қалыпты жағдайда өтуде. Қазірдің өзінде 1067 әлеуметтік нысандар мен орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Яғни 888 көпқабатты тұрғын үй толығымен жылумен қамтамасыз етілуде. Жалпы облыс бойынша көмір қоймаларына 138 мың тонна көмір жеткізілген.

Облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, 2024-2025 жылғы жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға тиісті қаржы қаралған. Аталған қаржыға Қызылорда жылу электр орталығының «Вопо energy» маркалы үш бу қазандығын жаңғырту, 2 газотурбиналық қондырғы, 11 қазандыққа күрделі жөндеу және 1 турбина мен 15 қазандыққа жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Сонымен қатар 9,3 шақырым жылу желілері жаңғыртылды. Нәтижесінде жылу желілерінің тозу деңгейі 3 пайызға төмендеген. Сондай-ақ өткен жылы жоспарланған 11 елді мекеннің газдандыру жұмыстары толығымен аяқталып, табиғи газға қосылған. Осылайша, өткен жылдың қорытындысы бойынша облыстың газбен қамту деңгейін 78 пайызға, газдандырылған елді мекен саны 46-ға жетті.

Ал биыл 4 елді мекен газ жүйесіне қосылды. Сонымен қатар жыл соңына дейін 5 елді мекенді газдандырып, газбен қамту деңгейін 83 пайызға өсіру жоспарлануда.

«ЖЖ» ақпарат

Аңдатпа

Сәтті сапар



Фото: ашық дереккөз

4

Шырақ



Оқырмандар клубы құрылды

Ауданда алғаш рет мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік мекеме қызметкерлері арасында кітап оқырмандары клубы құрылды. Оқырмандар ортасын құру мақсатында өткен еркін форматтағы кездесуде жастар арасында терең танымдық түсінік қалыптастырып, кітап оқуды әдетке айналдыру бағытында пікір алмасулар болды.

Жаңа мақсатқа жол тартқан жаңа құраммен кездесуге аудан әкімі аппаратының басшысы Жасулан Дүйсекеев қатысты.

– Біздің басты мақсатымыз – жастардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттырып, одан әрі жандандыру, оқырмандар қатарын толықтыру. Тек оқып қана қоймай, кітапты бірге талқылау. Яғни оқырмандар алдында уақытта клубта білім нәрімен сусындап қана қоймай, әрбір тақырыпты толыққанды талқылайтын болады. Сондай-ақ пікір сайыстар тұрақты түрде өткізіліп тұрады, – деді Жасулан Талғатұлы.

Иә, кітап – ой-өрісімізді дамытып, рухани байлығымызды арттыратын ең қымбат дүние. Қазір әр оқырманның кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту мақсатында аудандық кітапханада «Әлем book» оқырмандар клубы да жұмыс жасап тұр. Сондай-ақ мұнда оқырмандарға арнап «Кітап – ғасыр мұрасы» атты кітап көрмесі, «Kіtap Travel» атты кітап әлеміне саяхат, «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы, «Түнгі кітапхана» сынды жобалар іске қосылған. Оқимын, ізденмін деген кітап сүйер қауымға арналған жоба оқырманның білімге деген құштарлығын ашып, жаңа жайлылық пен тыныштық сыйлайтыны рас. Кітапхана басшысы Үлкен Меңдібаеваның айтуынша, қазір оқырманның басты көшілігі – жастар. Олар көбіне мотивация, психология байланысты

кітаптарды жиі іздеп келеді екен. Ол әр оқырманның сұранысына сай кітаптарды мейлінше тауып беруге тырысып, кітап оқимын деген оқырманға дұрыс бағыт-бағдар береді. Сондай-ақ білімқұмар жастарды ақын-жазушылардың мерей-тойына арналған іс-шараларға тұрақты түрде қатыстырып тұрады.

Кездесу барысында түрлі мазмұндағы туындылар мен тарихи мәнге ие оқиғалар желісінде жастар өздері оқыған кітаптарға тоқталып өтті. Мәселен, М.Шәменов ауылындағы мәдениет үйінің қызметкері Гүлнар Мырзалиева кездесу барысында өзінің жиі кітап оқитынын жеткізді. Айтуынша, Гүлнар көбіне қолына әдеби кітаптарды алады.

– Бала күнімнен кітап оқығанды жақсы көремін. Соңғы оқыған кітабым – Дулат Исабековтың «Гауһартас» шығармасы. Бұл жас отбасылардың шаңырағының шайқалмай, махаббатқа адал болуын ұқызытатын шығарма. Кітапта қаралайым шаруа шаңырағына Салтанат есімді бойжеткен келін болып түседі. Шаруаның үлкен ұлының жары атанған Салтанат ол отбасыға мейірім сөздерін төгеді. Жүрегі мейірімге толы Салтанаттың жібек мінезіне ата-енесі мен қайынысы дән риза. Жалғыз қайынысы Қайыркен жеңгесімен жақын дос болып, оған еркелей жүріп үй шаруасына қолғабыс өтеді. Тек жары Ыбыш қана Салтанатқа қатал болады. Ақыр соңында жарының мейірім махаббатына бөлене алмаған Салтанат

ауыр дертке шалдығып, жүрек ауруынан қайтыс болады. Содан кейін ғана Ыбыш өз бақытынан айрылып, әйелін қадірлемегенің кеш түсінеді, – дейді ол.

Иә, бұл шығармада адам қандай болса да, өз бақытын кеш болмай тұрып қадірлей білу керектігі айтылған. Салтанат Ыбышқа адал жар болып, оның ата-анасына мен бауырына қамқорлық көрсете білді. Ал Ыбыш Салтанатқа тек қатал қабақ шытып, оған жылулық мен мейірімділік таныта алмады. Адам қанша жерден қатал болғанымен отбасында мейірім, жұмсақ болуы шарт. Себебі отбасы өміріндегі ең маңызды құндылық екенін естен шығармаған жөн.

Айта кетейік, билтыр аудан жастарының қатысуымен тал егу, тазалық акциялары, түнгі рейд, кеңес беру жұмыстары, кездесулер, семинар-тренингтер, интеллектуалды сайыстар, мәдени-спорттық шаралар, кинокөрсетілімдер тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Нашарлықтың, зорлық-зомбылықтың, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында түрлі әлеуметтік бейнероликтер түсірілді.

Волонтерлік қызмет көрсету бойынша «Jalyndu jas» еріктілер мектебінің жұмысы жыл санап өз маңыздылығын жергесінде. Бүгінгі күнге дейін еріктілер Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының бастамашыл топтары және еріктілерді қолдауға арналған шағын гранттарын жеңіп алу арқылы аудан жастары түрлі жобаларды жүзеге

асыруда.

Ал биыл жастардың рухани, шығармашылық және әлеуметтік дамуына ықпал етіп, білім алу, мәдени-спорттық іс-шараларға қатыстыру, кәсіпкерлік дағдыларын дамыту бағытында іс-шаралар ұйымдастырылмақ. «Жұмыссыз мамандықтар жылы» аясында еңбек нарығындағы жұмыссыз мамандықтарын дамыту, жастарды осы салаларға тарту және өндірістік дағдыларды арттыру мақсатында кент және ауылдық округтерде кездесулер ұйымдастыру және дәріптеу жұмыстары жүргізіледі.

Мұнан бөлек, NEET санатындағы жастардың үлесін төмендету, пробация санатында тұрған жастармен спорттық сайыс, семинар-тренингтер өткізуде бір жолға қойылмақ. Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, суға түсу маусымындағы қауіпсіздік шаралары, салауатты өмірді қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында роликтер түсіріліп, түрлі форматта тренингтер де кенінен өткізілмек.

Ал «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында жас әкелердің қоғамдағы рөлін арттыру мақсатында «Жас әкелер» форумын өткізіп, елімізге танымал отбасылық спикерлерді қатыстыру арқылы еке мен отбасы туралы іс-шаралар оқиғу қолға алынбақ. Бүгінге дейін аудан жастарының қатысуымен 100-ден аса шара өтті. Олар білімге де, спортқа да, өнерге де бейім. Енді алдағы уақытта кітап оқуға бейім жастар түрлі бағыттағы талқылаулар мен кездесулерде де тұрақты бас қосатын болады.

А.БҮРКІТБАЙ

Дайындық

36 780 гектарға егін егу жоспарланған

Бүгінде Сыр бойында егін шаруашылығы еркеше дамып, «Сыр – Алаштың анасы» атанды. Алайда соңғы жылдары судың жетіспеушілігі диқандарға айтарлықтай әсер етті. Сондықтан мемлекет те түрлі келіссөз жасап, су көлемін көбейтуге тырысса, шаруалар суды аз қажет ететін өнімдерге басымдық беруді қолға алуда.

Баға индексі төмен 4 өңірдің қатарында

Мемлекеттік қолдаудың арқасында былтырдың қорытындысымен ауыл шаруашылығы бойынша аймақта өсім көрсеткіші 2,3 пайызға, ауыл шаруашылығының негізгі қорына салынған инвестиция көлемі 32 пайызға артқан. Ал тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға салынған инвестиция 22,2 пайызға көтерілген.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметінше, өткен жылы 189,4 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Негізгі дақыл күріштің көлемі 85,6 мың гектарды құрады. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында диқаншы қауымға су қажетті деңгейде жеткізілген. Сондай-ақ шаруашылықтар егін жинау жұмыстарына қажетті ауыл шаруашылығы техникасы, жанар-жағармай және минералды тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілген. Нәтижесінде өңір диқандары күріштен 500 мың тоннаға жуық астық жинап, әр гектарынан 58 центнерден өнім алды.

Биыл облыс бойынша барлығы 190 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жөзделген. Ауыл шаруашылығы құрылымдары биылғы жылдың егісі үшін өткен жылдың күз айларында 4,3 мың гектар күздік бидай егуді және 50,4 мың гектар сүлдігер айдауды қамтамасыз еткен. Қазіргі таңда тұқым құю және оны тазалау, минералды тыңайтқыштар мен гербицидтерді сатып алу, ауыл шаруашылығы техникаларын дайындау жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде аймақта төрт түлік мал басы өсіп, өнім өндіру тұрақты ұлғаюда. Атап айтқанда, 2025 жылдың 1 қаңтарына 365,1 мың бас, 657,0 мың бас қой мен ешкі, 257,9 мың бас жылқы, 60,7 мың бас түйе және 124,3 мың бас құс

тіркелген. Өткен жылдың қорытындысымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларының өсу индексі 99,6 пайызды құрап, Сыр өңірі республика бойынша баға индексі төмен 4 өңірдің қатарына енді.

Техника алуға 200 млрд теңге бөлінеді

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, егін егу және жинау науқанын қаржыландыру көлемін ұлғайту шаралары қолға алынды. Былтыр осы мақсатқа алғаш рет 5 пайыз мөлшерлемесімен 580 миллиард теңге бөлінді. Қаржы шаруаларға субсидиясыз, тікелей берілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда үш есе көп.

Биыл аталған бағыттағы қаржыландыру көлемін 900 млрд теңгеге дейін ұлғайту көзделген. Оның ішінде жеңілдетілген лизинг арқылы ауыл шаруашылығы техникасына алуға 200 млрд теңге бөлінеді. Төмен пайызбен берілетін несиені тиімді пайдаланып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін мемлекеттік қолдау тетіктеріне өзгеріс енгізілді.

Елде мал шаруашылығы да айтарлықтай шираған. Мәселен, былтыр 796 мың тоннадан астам өт өндірілді. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,5 пайызға артық. Сүт өндіру көлемі 4,2 пайызға өсіп, 2,8 миллион тоннаны құраған.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытудың 2028 жылға дейінгі кешенді жоспары аясында кәсіпорындардың жүктемесін ұлғайту және отандық өнімді өткізу нарықтарын кеңейту үшін тиісті шаралар қабылданып жатыр. Сүт, ет, күнбағыс, күріш, жүгері және қарақұмық өңдеуді 70 пайызға дейін жеткізу көзделген.

Сондай-ақ егістіктерді жедел әртараптандыру жұмыстары да жалғасады. Ол үшін суды көп шығындайтын және бір ғана дақыл түрі егілетін алқаптарды азайтып,



көбірек пайда әкелетін өнім түрлерін өсіруге басымдық беріледі.

1 197 900 центнер өнім жиналған

Айта кетейік, Жалағаш ауданы да былтыр саланы талайым табыспен қорытындылады. Нәтижесінде аймақта «Үздік аудан» номинациясын жеңіп алды. Аграрлық ауданда 37 218 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілсе, оның 19 800 гектары – күріш. Күріштің әр гектарынан 60,5 центнерден өнім алып, қамбаға 1 197 900 центнер өнім жиналған еді.

Сондай-ақ бидай, арпа, сұлы, қант құмайы, мақсары, картоп, көкөніс, бақша қызылдары мол өнім берген. Тарқатып айтсақ, 129 гектар күздік бидайдың әр гектарынан 13,

770 гектар жаздық бидайдың әр гектарынан 9, центнерден, 665 гектар мақсарының әр гектарынан 8,7, 200 гектар қант құмайының әр гектарынан 41, 40 гектар арпаның әр гектарынан 8,2 центнерден өнім жиыды. Мұнан бөлек 64 центнер сұлы, 33 276 центнер картоп, 195 центнер көкөніс, 299 650 бақша дақылдары жиналды. Мұнан бөлек 4850 гектар жана жонышканың әр гектарынан 12,5 центнерден өнім алынды. Сондай-ақ 8091 гектар ескі жонышканың 191 гектары тұқымға алынып, 7900 гектар жонышканың әр гектарынан 65,0 центнерден өнім берді.

Аудан шаруашылықтары техника паркін жанарту жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Былтыр 1670,6 млн теңгеге 26 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Ал өткен күзгі дала жұмыстарына 1027 ауыл

шаруашылығы техникасы қатысқан. Оның ішінде 431 трактор, 249 комбайн, 124 жатқа, 58 жүк көлігі, 165 трактор тіркемесі бар.

Жалпы аудан бойынша биыл 36780 гектарға егу жоспарланған. Бүгінде көктемгі дала жұмыстарын оңтайлы мерзім ішінде жүргізуді қамтамасыз ету үшін шаруашылықтармен қолда бар техникаларды толық дайындау жұмыстары жүруде.

Сонымен қатар барлық су нысанын толық дайындауға көптігі, су жолдарын тазалау, оның ішінде егіске қажетті тұқымдар, минералды тыңайтқыштар, гербицидтер және дизель отынымен дер кезінде қамтамасыз ету де басты назардан түспеген.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Мәселе

Заңсыз ойын бизнесімен күрес жалғасуда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында жастарды жат әрекеттерден сақтау бойынша, оның ішінде заңсыз ойын бизнесімен күреске ерекше тоқталды. Таяуда ғана Президент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.



Фото: ашық дереккөз

Бұған дейін Үкімет заңсыз ойын бизнесіне және лудоманияға қарсы күрестің 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын қабылдаған. Бұл шаралар букмекерлік кәсіпкерлерге келушілердің санын азайтуға бағытталған. Заңда құмар ойындарына тәуелді адамдарды оналту тәртібі де қарастырылған еді. Әскери және мемлекеттік мекеме қызметкерлері, бюджеттік ұйымдардың басшылары құмар ойындарына қатыса алмайды. Олай еткен жағдайда жұмыстан босатуға дейінгі қатаң шаралар қолданылады. Сонымен қатар жаңа заң байланыс операторларына құмар ойындарға, бас тігуге арналған жарнамаларды жіберуге де қатаң тыйым салынған. Шыны керек, қазіргі технологияның дамыған заманы адам үшін мүмкіндіктерді де мөлайтты.

Өкінішке орай, бүгінде қоғамнан құмар ойынның құрығына түсіп, өмірін тасталған еткен азаматтарды жиі көріп жүрміз. Салдарынан отбасын ойрандап, қарызға белшесін батып, тіпті өз-өзіне қол жұмсап та жатыр. Әзірге мемлекет ғаламаттарда ешбір бақылаусыз жұмыс істейтін және құмар ойында жаппай насихаттайтын ойын саласындағы заңсыз шетелдік компанияларға ауыздықтай алмай отыр.

Статистикаға сүйенсек, ол жыл сайын елден заңсыз ойын бизнесі арқылы триллион теңгеден астам қаражат шығарылады екен. Бүгінде ойын сайттары кез келген адамға, тіпті балаға да қолжетімді. Заңсыз онлайн ойын құрылымдарының кесірінен ел-

дегі лудомания қарқынмен дамып келе жатқанын да айтуға болады. Со-рақысы, заңсыз онлайн казинолар клиенттің жасына шектеу қоймайды, соның кесірінен кемелетке толмаған жасөспірімдер мен балалар құмар ойынның жетегінде кетіп жатыр. Шыны керек, аудандағы жастардың да интернеттегі казино салдарынан құмар ойыншыға айналғанын естіп жүрміз. Мәселенің ұшыққаны соншалық құмар ойынға салынған жастарды оналту үшін отбасы психолог мамандардың қызметіне жүгінуге мәжбүр болған.

Елімізде жыл сайын бірнеше мың заңсыз ойын сайты бұғатталады, алайда олардың орнында бірден жаңасы ашылады. Жауапты мамандардың айтуынша, бұл заңсыз субъектілердегі қаражаттың айналымын бұғаттау шешуші нәрсе болып табылады. Ойын операциялары басқа іс-әрекет ретінде көрсетіліп, қызметі бүркемеленеді. Мысалы, бас тігуге есеп-қисапта такси, азық-түлік жеткізу, құрылыс, медресахана ақысы, жөндеу және басқа да қызмет үшін төлем ретінде көрсетіледі-міс.

Қуантарлығы, халық қалаулары заңсыз шетелдік ойын бизнесі опера-торларына төлемді қалай бұғаттау туралы мәселеге баса назар аударуда. Мәселен, қазір қолданыстағы заңна-мада шетелдік ойын бизнесі опера-торларының пайдасына төлем қызметін жүзеге асыруға тыйым салынған. Алайда олар бұл тыйымды оңай айна-лып өтіп, елдегі төлем ұйымдарының қызметін пайдаланады. Соның нәти-

жесінде ойыншылар тыйым салынған сайт арқылы оңай бөстесе алады. Өйткені қаражат белгілі бір схема арқылы шетелге қаражат аударатын ұйымның шотына түседі. Сондай-ақ жоғарыда айтылғандай, интернет дүкеніне немесе мейрамхананың қызметіне ақы төлеу көрсетілген кезде KYC-код ауыстырылады, ал іс жүзінде ойын саласының заңсыз шетелдік опера-торларына ақша аударылады.

Бүгінгі таңда әлем бойынша құмар ойынға тәуелділіктің себебінен суицид 15 есе артқан. Қаржы мониторинг агенттігінің хабарлауынша, былтыр 40-тан астам заңсыз онлайн ойын алаңдары жойылған, сондай-ақ 5700-ден астам сайт мен аккаунт бұғатталған.

Бұғатталған әрбір сайттың орны-на санаулы сағатта көшірмесі пайда болатынын жұрт жақсы біледі. Ша-масы, бұл техникалық жағынан ең күрделі мәселенің бірі болып қала береді. Осы орайда ойын саласындағы заңсыз ұйымдардың қазір қолданылып жүрген «қара» тізілімінің орнына «ақ» тізілімді, яғни ойын бизнесінің ли-цензияланған заңды субъектілері ғана кіретін тізбені енгізу бастамасы кө-терілді. Мұндай тізіммен жұмыс істеу қиын емес, ол ұзақ уақыт бойы тиісті мемлекеттік органдардың иелігінде болған. Бұл жағдайда заңсыз ойын ұйымдарын бұғаттау және барлық қаржылық операцияға тыйым салу әлдеқайда жеңіл болады. Яғни «ақ» тізімге кірмейтін кез келген субъект автоматты түрде заңсыз саналып,

дереу бұғатталады.

Қызылорда облысы бойынша эконо-микалық тергеп-тексеру департа-ментінің мәліметінше Астана қаласы-ның тұрғыны М.Талғатова мен қызылордалық Т.Бурикулова 2023 жылдың маусым айынан 2024 жылдың тамыз айы аралығында адамдар то-бының алдын ала сөз байласуымен заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырған. Ойын бизнесін «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «@make_madikow» парақ-шасы арқылы лицензиясыз жүзеге асырып, нәтижесінде 27 473 328 теңге аса ірі мөлшерде табыс тапқан.

Заңсыз ойын бизнесі жауапты органдармен құрықталып, сот үкімімен М.Талғатова мен Т.Бурикулова Қа-зақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 307-бабының 3-бөлігінің 2) тармағының талабына сәйкес кінәлі деп танылды. Екеуі де 3 жыл 6 ай мерзімге шартты түрде сотталды.

Иә, күніне 100 сайтты бұғатталса да, орнына 100 жаңа заңсыз сайт ашылууда. Сондай-ақ заңсыз бизнес деректерді басқаруды да үйреніп алған. Жасыратыны жоқ, мемлекет ойын бизнесі саласындағы заңсыз опера-цияларға қарсы іс-қимылда осалдық танытып отыр. Сондықтан қандай да бір іс-әрекет жасарда ойланып, тексергеннен кейін ғана кірісу керек. Өйткені алаяқтарға алдануыңыз мүмкін. Біздік көзіқарақты оқырманға ой салу.

Ж.АРЫН

Сақтансаң, сақтайды



Фото: ашық дереккөз

Су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік шаралары

Су тасқыны болғанда не істеу керек? Егер сіздің үйіңіз су басатын аймаққа жатады деп хабарланса:

1. газ, су, электр жүйесін өшіру керек;
2. пештегі отты сөндіру қажет;
3. жоғарғы қабатқа немесе үйдің шатырына бағалы заттар мен бұйымдарды шығару керек;
4. есік, терезелерді жауып, төменгі қабаттағы үйлердің есік, терезелерін ағашпен қағып тастау қажет.

Егер қоныс аудару жайлы хабар алсаңыз:

1. жылы, ыңғайлы киім, етік, көрпе, ақша және бағалы заттарды дайындап қойыңыз;
2. үш күндік тамақ дайындаңыз;
3. алғашқы медициналық көмекке қажетті, өзіңіз қолдана-тын дәрі-дәрмектерді дайындау;
4. жеке куәліктер мен қажетті құжаттарды су өтпейтін қап-таға салу керек;
5. төсек орын және жеке өзіңізге қажетті заттарды өзіңізбен бірге алу керек.

Барлық заттарыңыз бен тамақты рюкзакқа, чемоданға не-месе үлкен сөмкеге салған дұрыс. Қауіпті аумақтан қайда, қалай (көлікпен, жаяу) бару керектігін хабарланады. Соңғы қоныс аудару пунктінде міндетті түрде тіркелу қажет.

Су кенеттен қатты көтерілгенде не істеу керек?

Біріншіден – үйді қорғап қалу шараларын жасап, қоныс аударуға дайындалу керек.

Екіншіден – неғұрлым тезірек биік жерге орналасу керек.

Қоныс аударуға қажетті заттарды дайындап қойған абзал.

Қайықтан басқа жүзуге жарайтын бөшке, бөрене ағашы, есіктер, автокөлік камералары, т.с.с. заттарды дайындау керек. Көмек келгенше немесе су тасқыны басталғанша жоғарғы қабатта, шатырда, ағаш басында болған дұрыс. Құтқарушылар тобы тезірек табу үшін күндіз жоғары жерге немесе ашық түсті мата байлап қою керек, түнде – жарық беріп тұрған абзал. Құтқарушылар келіп жеткенде қайыққа, катерге біртіндеп өтіп орналасу керек. Су үстінде орын ауыстыруға, жүруге, бортка отыруға болмайды.

Су басқан аудандан өздігінен тек басқа амал болмаған жағдайда немесе біреуге медициналық (дәрігерлік) көмек керек болған жағдайда, су қатты көтеріліп немесе құтқарушылар келмейтініне көз жеткенде ғана өтуге болады.

Әрдайым мынаны ұмытпау керек:

Суға түскен тағамды жеуге болмайды, су басқан құдықтың суы тазармайынша ішуге болмайды. Өлген жануарлар жайлы жергілікті басшыларға хабарлау керек.

Ауыз суды, су болған тағамдарды санитарлық қызмет орындары тексергеннен кейін ғана қолданған дұрыс.

Эпидемия – су тасқыны салдарынан болатын құбылыс екенін ұмытпаңыз!

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Тарих

Көкке ұмтылған көңілімізбен тәуелсіздікке жеттік

Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған азаттығының көзайымындай болып 1991 жылы 2 қазан күні Алматы уақытымен 11 сағат 59 минутта Кеңес Одағының батыры, сынақшы-ұшқыш Тоқтар Әубәкіров «Союз ТМ-13» кеңестік-австриялық халықаралық экипаж құрамында ғарыш сапарына аттанған еді. Азаттықтың көзайымындай дейтіміз, осы күннен тура екі жарым айдан кейін Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялады. Қазақ жерінен алғаш рет ғарышқа адам аттанған 1962 жылдан кейін қазақ азаматы ғарышкерлер құрамына енген еді. Әрине, бұл тоталитарлық жүйенің өктемдігі болатын. КСРО-ның ыдырау алдындағы оларшақта қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа шыққан 1991 жылдың 2-ші қазаны ресми бекітілмесе де, қазақ елі аэроғарыш саласының негізі қаланған күн есебінде аталып жүр. Бұл тәуелсіз еліміз үшін үлкен мәні бар тарихи сәт еді.



Фото: ашық дереккөз

Тоқтар Әубәкіров ғарышқа аттанардан үш-төрт күн бұрын Байқоңыр ғарыш айлағында дайындық жұмыстары басталды. Байқоңырға Республика үкіметінің мүшелері, Қызылорда облысының және аудандардың басшылары келді. Сондай-ақ республикалық ақпарат құралдары, тиымал өнер майталмандары мен зиялы қауым өкілдері ғарышқа көтерілгені турған батыр ұлды ырым етіп, ұлтымыздың жөн-жоралғысымен жауапты сапарға аттандыру үшін Байқоңырда бас қосты. Солардың ішінде жалағаштық өнер шеберлері мен аудандағы таңдаулы шаруашылық ұжымдарының және ғарыш айлағының маңайындағы елді мекендерде қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін бақылаудағы жалағаштық құқық қорғаушылар да бар еді. Ендігі әңгімеміз осы жайлы болмақ.

Күз. Қыркүйек айының соңы болатын. Сол кездегі аудан басшысы Биғали Қаюпов пен оның бірінші орынбасары Садық Әлиев тұңғыш салтанатты рәсімге қатысатын таңдаулы еңбек ұжымдарының мүшелері мен бірнеше зиялы қауым өкілдерін ғарыш айлағының орталығы – Ленинск (қазіргі Байқоңыр) қаласына бастап барды. Ауданның Ақсу, Мәдениет, Аққыр шаруашылықтарының директорлары Кенжеғара Сұлейменов, Мейрамбек Еспапов, Батырбек Маншарипов ағаларымыз да өз шаруашылықтарынан ұлттық нақышта жабдықталып, сән-салтанаты келіскен үш киіз үйді Ленинск қаласындағы «Ғарышкерлер» аллесына апарып тікті.

Тоқтар Әубәкіров ғарышқа аттанған 2-ші қазанға дейін сол аллеяда және Ленинск қаласының ресми орындарында КСРО ғарышкерлер даярлау орталығының және КСРО Қорғаныс министрлігінің, Байқоңыр ғарыш айлағының басшылары мен арнаулы мамандарының қатысуымен кеңес-австрия халықаралық ғарыштық экипажының ұшу сапары алдындағы мемлекеттік комиссияның отырысы өтті. Ол комиссияның жұмысына сол уақытта өлі тәуелсіздігін жариялай қоймаған Қазақ КСР-нің Үкімет мүшелері және қазақстандық ақпарат құралдарының қырықтан астам өкілдері қатысты. Аузын айға білеген алып держава КСРО-ның қылышынан қан тамып тұрған уақытта бұл маңға бірде-бір қазақстандық журналист түгіл Қазақ КСР-нің басшылары да жолай алмайтын-ды. Сол кездерде бұл жаңалықты кейінірек қазақстандық журналистер: «Бұл айтулы оқиға Республика президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың табанды еңбегінің арқасында жүзеге асты және бұл КСРО-ның соңғы түйк серпугі еді» деп жарыса жазды.

Мемлекеттік комиссияның жұмысы аяқталысымен «Союз ТМ-13» ғарыш кемесінің негізгі топ экипажының мүшелері – экипаж командирі Александр Волков, Австрия азаматы Франц Фибек, қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров және қосалқы топтың экипаж мүшелері – Александр Викторенко, Лоталлер Клемес және қазіргі қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаевтармен өлеңім әр түрлілер жиналған 180 журналист қатысқан баспасөз конференциясы болды. Әрине, олардың арасында қазақстандық ақпарат құралдарының қырық журналисті бар еді.

КСРО ғарыш саласында қалыптасқан барлық ресми шаралар өткеннен кейін тұңғыш қазақ азаматын ғарышқа аттандыру алдындағы ұлттық дәстүрлі жоралғылар іле-шала басталып та кетті. Ленинск қаласына әлгі тігілген киіз үйлерде КСРО қорғаныс және ғарыш саласының басшылары мен ардагер ғарышкерлерге, полигон басшыларына және тағы да басқа көптеген шенді генералдарға қазақы меймандос көңілмен үлкен қонақасы берілді.

Республика өміріндегі осындай айтулы оқиға үстінде жалағаштықтардың мерейі үстем болып, сол кездерде тоқсан жастағы аудан тұрғыны Мұқышев Бекші ақсақал тұңғыш ғарышкеріміз Тоқтар Әубәкіровке ақжолтай батасын берген еді. Ұлтымыздың тағы бір жақсы дәстүрімен мәдениеттік Жүнісов Қаршыбек ақсақал Тоқтар ағамызға ақбозат мінгізді. Бұл жайында сол кездегі Мәдениет шаруашылығының директоры Мейрамбек Еспапов пен ауылдық кеңес төрағасы Қуандық Ахметовтер: «Ғарышкерлер алаңына тігілген ауылдық кеңес қызметкері Қартанбек Қаңлыбаевтың киіз үйінде тұңғыш ғарышкерімізге шашу шашылып, үй алдында Тоқтар бауырымызға ақбозат мінгіздік. Ең бастысы, біздің апарған үйімізде отырып ғарышкерлер даярлау орталығының басшыларының бірі Алексей Леонов: «КСРО-да Ленин атымен аталатын қала мен нысандар жеткілікті, сондықтан Ленинск қаласына алғашқы Байқоңыр атауын қайтаратын уақыт жетті, – деді және көп кешікпей өзгеше асты» дейді.

Ал Ақсу шаруашылығының киіз үйінде тағы да әскерилер және ғарыш саласының жиырмаға тарта шенді генералдары мен полигон басшыларына қазақтың тұңғыш ғарышкерінің құрметіне қонақасы ұйымдастырған сол кездегі шаруашылық директоры Кенжеғара Сұлейменов ағамыз да: «Қазақ халқының атынан тұңғыш рет ғарышқа аттанғалы тұрған Тоқтар бауырымыздың құрметіне ғарыш айлағының төрінде ұйымдастырылған қонақасында ғарыш саласының генералдарына қазақтың ұлттық шапанын жауып, бір-бір сүвенир қамшы сыйлап, ұлтымыздың салтын осылай білдірдік», – дейді.

1991 жылдың қазан айының 1-ші жұлдызында Алматыда сол күнге дейін тәуелсіздігін жариялап үлгерген (кейіннен ТМД құрамына кірген) 13 мемлекеттің басшыларының қатысуымен өткен үлкен экономикалық кеңестен соң олар мінген ұшақ Байқоңырды бетке алады. Мен сол кезде мемлекеттік автоинспекцияда қызметте едім. Облыстың барлық аудандарынан және облыс орталығынан ғарыш айлағының маңайындағы елді мекендер мен үлкен күре жолдың бойында қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қатаң сақталуын қамтамасыз ету үшін арнаулы топ ұйымдастырылды.

Біздің ауданнан да бірнеше тәртіп сақшылары осы топтың құрамында болды. №6 МАИ бекетінен жол-бақылау инспекторы Толыбаев Бейбітшілік екеуміз Қорқыт станциясының тұсынан өтетін күре жолдың бойында күндіз-түні кезекшілік атқарды. Біздің міндетіміз: ғарыш айлағына қарай беттеген транзиттік және жергілікті көлікті жүргізушілерін тоқтатып, оларға Төретам кенті маңайына аялдауға болмайтынын және колонна болып жүрмеулерін ескерту. Бізге осындай міндеттер жүктелгенін түсіндірген арнаулы топтағы жол

сақшыларының басшысы, облыстық автоинспекцияда жауапты қызметтегі милиция майоры, қазіргі полиция полковнигі, жерлесіміз Әмірбек Шаймағанбетов Республика президенттері мен құрметті қонақтар алдымен Қорқыт бабамыздың мемориалдық кешеніне келетіндігін, сондықтан әр қимылымызға мән беріп, қызмет етуімізді қатаң ескерткен болатын.

Жалағаштық тәртіп сақшыларының тағы бір тобына Төретам станциясының шеткі аймағынан бастап Ленинск қаласының жүк көліктеріне арналған қақпасына дейінгі аралықта қоғамдық тәртіпті қатаң сақталуын бақылау жүктелген еді. Оларға өте қырағы болу тапсырылды. Өйткені осындай шаралар кезінде арам ниетті шетелдік арнаулы қызмет орындарының тыңшылары да кездесуі мүмкін еді.

Айта кетуіміз керек, бұл бағытта да жалағаштық сақшылар өз міндеттерін жоғары деңгейде атқарып, көзге түсті. Атап айтқанда, сол кездері аудандық ІІБ-нің күзет бөлімшесінде қызмет ететін милиция сержанты (кейіннен полиция майоры) Жүнісов Шейзат күдікті есебінде ұстап, Мәскеулік қауіпсіздік қызмет орындарының қызметкерлеріне тапсырған адам шетелдік арнаулы қызмет орындарының тапсырмасымен жүрген болып шықты. Арада бірнеше апта өткеннен кейін Мәскеулік қауіпсіздік қызметкерлерінің ұсынысымен КСРО ІІМ-нің «КСРО ІІМ-нің үздік қызметкері» деген төсбелгімен милиция сержанты Жүнісов Шейзаттың марапатталғаны жөніндегі бұйрық келді. Бұл марапат тек аса көзге түскендер болмаса, сержанттық құрамдағы қызметкерлерге емес, офицерлік құрамдағы қызметкерлерге көрсетілетін үлкен құрмет еді.

Сөйтіп қазақ халқы ғана емес, бүкіл түркі әлемі асыға күткен 2 қазан күні ғарышқа тұңғыш рет адам ұшқан атақты №2 «Гагарин» алаңындағы ұшыру қондырғылары орналасқан айлақтан 2-3 шақырымдай жерге үш-төрт киіз үй тігіліп, мемлекеттер басшылары мен ақпарат құралдарының өкілдері ұшырылым сәтін бақылап тұратын арнаулы мінбер соғылады. Алматы уақытымен таңғы сағат 07:00-де «Союз ТМ-13» ғарыш кемесінің экипаж командирі Александр Волков мемлекеттік комиссияның төрағасы генерал Владимир Ивановқа ұшуға дайын екендіктерін баяндап, рапорт береді.

Ал қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа қазақ тілінде: «Құрметті Президент! Халықаралық экипаждың мүшесі ғарышкер Тоқтар Әубәкіров ұшуға дайын!» деп рапорт бергенін де сол күні-ақ қазақ журналистері жарыса жазған еді. Қалайша жазбасқа, қалайша жария етпеске?! Бұл барлық құпиялығын ішіне бүккен айлақта тұңғыш рет қазақ сөзінің салтанатпен әуеленіп естілуі емес пе?!

Осы №2 ұшырылым алаңына Аққыр шаруашылығынан Тынарбай Төлегенов ағамыздың он екі қанат ақ боз үйін сол кездерде аудандық автотранспорт кәсіпорнының директоры қызметіндегі Асылбек Төуіпбаев апарған еді. Республика Үкіметінің басшылары мен аузы дуалы зиялы қауым өкілдері ойласа келе, сол үйге ұшырылым сәтті орындалғаннан кейін мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев бастаған бұрынғы одақтас Республикалар мен Австрия мем-

лекетінің және ғарыш саласының басшыларын күту белгіленеді. Ұшуға даярлық уақыты сәтті өтіп, бортында тұңғыш қазақ ғарышкері бар «Союз ТМ-13» ғарыш кемесі ұшырылым алаңынан аспан өлеміне жол тартады. Шелонистік пиялыдағы әскерилер мен орталық басылымның журналистерінің «Ғарыш айлағы елісіз жерге орналасқан» деген сандырақтарын тас-талқан етіп, сол жер мен сол елдің иесі қазақ халқының өкілі ғарышқа аттанды. Сөйтіп, олар «елсіз, күнсіз» деп айтып жүрген жердің иесіз еместігі, ол жердің иесі – қазақ халқы екендігі айдай әлемге әйгілі болды.

Сол күні осы алаңда болған қазақстандық журналистердің арасында болған «Халық кеңесі» газетінің меншікті тілшісі Талғат Сүйінбай кейіннен өзінің көлемді еңбегінде: «Полигонның қаң төрінде басталған мерекесі – шын мәнінде қазақтың ұлттық мерекесіне айналды» деп жазды. Үлкен репродуктордан кең даланы күмбірте Нұрғиса Тілендиевтің «Саржайлауы» орындалды. Оның үстіне сән-салтанаты келіскен ақбоз үйдің екі босағасына байланған екі бота сол сәтте қыл қобыздың дауысына елітіп боздап сала берді. Бұған құрметті қонақтардан бөлек әскерлерге дейін қатты таңғалды.

Халқымыздың тарихына алтын өрілген жазылған ұшырылымнан кейін экс-президент Нұрсұлтан Назарбаев бастаған көршілес бірнеше мемлекеттің басшылары мен Австрияның қанцлері, әскерилер аққырлық Тынарбай Төлегенов ағамыздың ақбоз үйіндегі аста-тек мерекелік дастарханда бас қосады. Мәртебелі қонақтардың алдында өнер көрсеткен жырау Бұл жөнінде тағы да Жұмабек ағамыз былай дейді: «Облыс басшысы Сейілбек Шаухаманов президентке «Нүрек, Сырдың елі – жырдан елі» деген сөз бар. Жігіттердің тұңғыш ғарышкерімізге арнаған жыры бар екен, соны орындасақ дейді» – дегенде Нұрсұлтан Әбішұлы: «Неге болмасын, орындасын. Шырқандар, жігіттер! Бүгін қазақтың шырқайтын күні, шаттанатын күні» деді.

Алдымен мен шығып, жалағаштық ақын Жақсыбай Сарбалаевтың тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіровке арнап жазған «Ігі тілекпен» деген арнау өлеңін Сыр мақамымен орындадым. Мен жырды орындап болып, орнымнан тұрып басымды игенімде, Нүрекеннің қуаныштан, шаттықтан жүзі бал-бұл жанып, ризашылықпен иттифат білдіргенін көрдім. Менен кейін Сырдария ауданының өнерпазы Серік Өтеуов те бір өн орындады» деп есіне алады.

...Міне, сол тарихи оқиғадан соң тура екі жарты айдан кейін еліміз тәуелсіздік алып, өз алдына дербес мемлекет болды. Ғарышқа тұңғыш қазақтың көтерілуі маған тәуелсіздігіміздің алғашқы нышаны секілді болып көрінеді әлі күнге дейін.

Болатбек НҰРЖАНОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Талап



Мемлекеттік қызметтегі бақылау қызметінің нәтижелері

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Осы бағытта 2024 жылы Департаментке барлығы 279 жолданым түсіп, мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасымен 138 жолданым қаралған, оның ішінде 48-і өз құзыреті анықталып, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама бұзушылықтарын жою туралы мемлекеттік органдарға 11 нұсқама және 19 ұсыну енгізіліп, олардың барлығы толық орындалды.

Қаралған 48 жолданымның 22 бойынша қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес түсіндірме берілді, 26 жолданым бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасымен барлығы 48 тексеру жүргізілді, оның ішінде 11 жоспарлы және 37 жоспардан тыс тексеру. Нәтижесімен, барлығы 439 бұзушылық анықталып, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама бұзушылықтарын жою туралы мемлекеттік органдарға 11 нұсқама және 19 ұсыну енгізіліп, олардың барлығы толық орындалды.

Мысалы, Департаменттің қарауына түскен Қызылорда қаласы тұрғынының шағымы негізінде Қызылорда қаласының әкімдігіне қарасты дербес бөлімнің басшысының әрекетіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Өз кезегінде, шағым иесі дербес бөлімнің басшысы өзінің тұрғын үйінің алдына келіп, полиция қызметкерінің бейнежетонның өзін омырауына тағып, жазба жүргізгені үшін заң аясында шара көруді сұраған.

Аталған уәждерді нақтылау мақсатында бөлім басшысынан түсіндірме алынып, онда ол қала тұрғынының шағымында көрсетілген уәждермен келіспейтінін көрсеткен. Осыған байланысты шағымда көрсетілген уәждер бойынша Қызылорда облысының полиция департаментінен ақпарат сұратылды.

Сөйкесінше, Қызылорда қаласының полиция басқармасының жауабында жергілікті полиция қызметі бөлімінің уәжделі полиция инспекторына қатысты қызметтік тергеу жұмыстары жүргізіліп, оның тарапынан бейнежазба жасайтын өзіне бекітілген бейнежазбаға әкімшілік қызметкерге бергені анықталып, оған қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылғаны хабарланды.

Кодекстің 6-тармағының 4) тармақшасында мемлекеттік қызметшілерге азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дерексіз, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейбәт мінез-құлқы фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сыға себепкер болмауы тиіс делінген талаптар қойылған. Дегенмен, дербес бөлімнің басшысы полиция қызметкерінің бейнежетонның өзін омырауына тағып, жазба жүргізу әрекетімен қала тұрғынының тарапынан сыға себепкер болған. Яғни, тексеру барысында жинақталған құжаттармен және дәлелдермен бөлім басшысының мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі талаптарының бұзылуына жол бергендігі анықталды.

Аталған факті бойынша бөлім басшысына қатысты тәртіптік іс қозғалып, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде Қызылорда қаласы әкімінің өкімімен оған қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды. Осылайша, Әдеп жөніндегі кеңестің шешімі негізінде қала тұрғынының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар департаментпен мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне тоқсан сайын талдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Талдаудың нәтижесімен 7 мемлекеттік қызметшіге қатысты заңсыз қабылданған тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтардың күші жойылып, олардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Бұдан бөлек жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алуға және оған жол бермеу мақсатында мониторинг жүргізіліп, нәтижесімен 52 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, оларға қосымша демалыс күндері немесе сағаттары берілді.

Департамент алдағы уақытта да өз міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылаумен қатар азаматтардың, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарының бұзылуына қадағалайтын болады.

Е.Ж.МЕНДАЛИЕВ, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

Білгенге маржан Шаншу қадалса...

Шаншу қадалған тұсты көтере алмай, тіпті дем жетпей қиналатынымыз жасырын емес. Мұндай жағдайда дәрігерлер қыздыратын жақпай беріп, ем-дом түрін ұсынады. Айтарлықтай ауыр ауру болмаса да, әжептәуір өзге салатыны бар. Дегенмен үй жағдайында да шаншудан айығуға болады.

Сонымен үй жағдайында жасалатын ем жолдарын ұсынамыз. Мәселен, сұйық демделген бір шыны шайға бір шай қасық бал араластырып ішсе, шаншу қадалған жерді жазып алуға болады. Жылы оранып жатса, термен-ақ шығып кетеді. Сонымен бірге осы ауру мазалағанда аяғына, табанына аздаған көлемде қыша немесе бұрыш сеуіп, уқалағанның да пайдасы тиеді. Бұл ем табанды қыздырып, суықты алады екен.

Тағы бір әдіс ас бөлмедегі картон пен ақжелкенді үккіштен өткізіп араластырыңыз. Оған бал қосып, тағы да мұқият араластыру керек. Дайын болған өзбені шаншу қадалған тұсқа таңып қойсаңыз, түйін жазылып, ауырғаны басылады. Кез келген есімдік майын қыздырып, шаншу қадалған жерге жай қимылмен жақпаның да керемет ем екенін ескеру керек. Шаншу қадалған жерге қыздырылған тұз бассаңыз да көмегі тиеді. Қарап отырсаңыз, шаншуды көтерудің өдіс-тәсілдері өте көп. Ең бастысы ем кезінде жылы оранып жатыңыз немесе жылы киініп алыңыз.

Дайындаған Е.ӘНУАРУЛЫ

Әңгіме

Сәтті сапар

Аймаққа белгілі «Жаңа базар» атанған Аламесек ауданының оның көп дарбазалы, қос есікті қаланың батыс жақ бетінде биік қорғанмен қоршалған он шақты бөлмелі еңселі жайдан шыққанша біраз уақыт болды. Бірі түйені жетекке алған, қоңыр төбелді сұр айғыр тізгіндеген тағы бір жолаушының бірі бар. Әдепкі тауық шақырғанда тұл қараңғысына бойлай сіңіп кетпегенде біршама уақыт болатыны белгілі. Бұл қос жүргінші «Арғишанның» шығысындағы «ақкешпенді» кесе өтіп, «Бектұрған» бейітін өкшелей өтіп, «Мүлкіланның» үстімен өтетін жолмен қызылдық нұрасына асылғанша да таңғы тауық шақырып жатыр.

Бірі атта, екінші қолы байланған мұртты адам да үнсіз. Бірінші мездей қатқан қаракер айғырдың үстіндегі адам атқа отырып үйренген машыққан қаққан қазықтай, ауыздыққа сүйей екі өкшесімен айғырды өз жүрсіннен жаңылдырар емес. Сыдыртып келеді, ойындағысы, бұл қандай адам суыт түнде Бұқараға жеткіз дейтіндей? Неде болса «үкіметке керек адам ғой» деп алға өткір жіті көзін тесіле қадап, «жақын маңда жыбырлап жан көрінбейді ғой» деген өз ойымен бағыт дұрыс екен деп ілгері тарта берді.

Кептің келешегінен тағдырдың төлкегіне еріксіз бас иген бұл көкең келешегінен не күтерін білмей жатыр еді. Өлім мен өмір қатар жарыса мұның ойлау мына толқындына шықпай жатқанда түрме бастығының бұны шақыртып, «жолға қамдаң кетесің, бір кісі сені Бұқараға апарарды» дегенде өмір сүлесі жылтырап қайта түскендей болды. Бұнда қандай жиналатындай дүние бар дейсің, аздаған қағаз бен ескі құсқы кимдері ғана болатын. Ойланпай боламын дегенше «шық тез, таң атып қалады, қараңғыда «Аламесек» базарына шығып кетулерің керек» деді түрме бастығы Қайрақбай Кенжебаев.

Сол кезде ол кісінің капитан шені болатын. Жол басты ретінде баратын адам орта бойыдан жоғары, екі иығына екі адам мінгендей төртбақ адам екен. Жарық саңылаудан старшина шені бар адам екенін көрдім. Старшина арнайы тапсырманы капитаннан алған соң алақандай мөр басылған қағазды беріп жатып, «ешкім, бөтен, жат адам көрмесін. «Көк дарбазаға» жеткен соң тиісті адамға табыс етесің, кейінгі тапсырманы сол адам береді» деп сапарына сәттілік тіледі.

Түйе үстіндегі адам «неде болса бір ажалдан құтылдым ау, бұл Аламесектің адамдарының маған рақмы түсті ме, өлше жоғары жақтан тапсырма болды ма екен, не де болса көре жатармын. Алдағы атты адамның маған қандай ойлайтындай шамасы білінбейді. Оның ойы тезірек екен» деп қайтадан көз шырмын ала ұйыға берілді.

Бұл тегін адам емес. Осындай құпия тапсырмаларды алған соң шөккен түйені бақырта орнынан тұрғызып, жүріп кетті. Алдағы түйені жетекке алған адамның бар арманы, ойлағаны өзіне тапсырылған адамды «Көк базарға» аман-есен жеткізіп, елге тезірек оралу болса, түйедегі адам «Қазақ халқының келешек тағдыры не болмақ? Жоғарыда қарай зиялы қауымның игі жақсылары не ойластырып жатыр екен?» деген оймен келеді. Өз өміріне аса бас қатырмаса да қалың қазақтың келешек мүддесі туралы ой мазалаумен келеді.

Сонау Мәскеудегілердің ой-пікірінен хабардар білімді, ойшыл келешекті болжай білетіндердің бұған жіберген хаттама хабарларына қарағанда данышпан Ленинің қағидасы бір басқа, ал бұлардың ой-пікірі онша көңілге қона қоймай тұр. Осылардың қарағаны пікірін қара халыққа түсіндіру үшін ер жерден жиналыс жасап, талдап отыруға ұмтылсақ, олар біз сияқтыларды қудалап, түрмеге жауып, бірсыпырасын айдауға Сібірге жіберіп жатыр. Соның бірі мына мен. Қазіргі келе жатқан жағымның не

дегені де білмеймін бара көрермін. Терең ойға батып келе жатып көз ілініп кетіпті, бір-екі күнгі түйе үстіне де жайланып, үйреніп қалған-ау. «Әй міне, шаһарға да келіп қалдық» деген жетекші жүргіншінің дауысы ұйқы көрпесін түре ашып тастады. Көз жетер жердегі қарайғанды анықтап көруге болатындай айнала ақсөңгірлене бастапқы түн көрпесін түре бастаған. Таңның шапағымен жетекші адам қаланың шет жағына қарай қиғаштап жүріп келеді. Бір уақытта үлкен көк көк дарбазалы алдымыздан шыға келді. Аттағы жүргінші аттың басын ірке сүйеу қамшының сабымен дарбазаны қағып дауыстап, «кім бар ей, біз келіп тұрмыз «Аламесек» жерінен» дегенде айқара ашылған есіктен екі кісі көрінді.

«Кіре беріңіздер, сіздерді көшеден күтудеміз. Аман-есен жеттіңіздер ме, ат-көліктеріңізді бізге тапсырып, бастыққа бара беріңіздер.»

«Ақыры құтылдым-ау» дегендей, көрсеткен бөлмеге кіріп ұйқы құшағына ене кетті. Дамысыз атүсті адамды шаршатады ғой.

«Ей жолаушы, түр тамаққа, қарның да ашқан шығар, — деген дауыс Арыстанды ұйқысынан оятты.

Жұбынша кірісе бастады. Тамақтану болғаннан кейін бастық Арыстанды кабинетіне алдырды.

«Дұрыс, аман-сау бізге жеткізісің. Еліңізге қайтатын шығарсыз. Оған жоғары жақ болмай тұр және біз екі жарым күнге өтініш айтамыз. Сіздің жолды анық білетініңізге сенеміз. Сіз алып келген адам — қазақ халқы үшін өте қажет әрі қадірлі, терең сауатты адам. Аты — Мұстафа Шоқай, бұл кісінің соңына шам алып түсушілер көп, дер кезінде Аламесек түрмесінде басты Қайрақбай Кенжебаев шешім қабылдап, сіз арқылы бізге жеткізген. Енді бұл кісіні Грузия мемлекетіне жеткізіміз керек. Соған сіздің көмегіңіз қажет, қорықпаңыз, барлық сақтық шаралары қаралған, тек сондай үлкен қақпаға жеткізесіз. Сосын өз еліңізге ораласыз. Өз елің емес, жат жерде



Фото: ашық дерекжөз

сылтау айтып құтыла алмайсың, — деді. Үнсіз келісін Арыстан жолға дайындала бастады. Бақудің өн бойымен ішіне кірмей Каспиді жағалай жүрді. Бұнда тау-тасты жолдар көп екен. Құнышлығы мол болса да сол жолда бастықтың берген бір жапырақ мөр басылған қағазымен ештеңеге ұрынбай Кавказдың таулы аймағы Грузияға да жетті-ау. Бұл жердегі кісілер кілең бойшаң, мұрынды әрі беттеріңді жартысын жүн басқан кісілер екен. Адамға деген көз жанары рақымды келеді екен. Дауыстары көтеріңкі, құтты бір сол жердегілер саңырау сияқты, жақындап келген екі азаматқа мүсіркеп әрі аянышты көзбен қарайды.

«Көліктеріңді тынықтыр, өзің де демал Кавказдың таза ауасымен демалып, тынығып ал, сосын еліңе қайтасың, — деді.

Бірақ қанша уақытқа демалыстың созылатынын айтпады. Бұлар жатқан бөлме орта дәрежедегі ескі темір есік дуал Қабырғалары таспен өлгілген бір түрлі, түнге қарай қорқынышты көлеңкелер кезіп, бөлмені тымырсық тыныштыққа бөледі.

Неткен заңғар таулар, шығып-түсуі қиын болғанмен ауасы таза, кей жерлері көкөрай шалғын өтектері, жылғасы суға толы, ойпаттары көп-ақ. Біз болсақ, шығысымыз орыстардан, батысымыз орыс қанқанын қашып, Қарақұмның шөлі мен Қызылқұмның шағыл құмын тығыла көшіп, қазір тұратын жеріміз шөл мен шөлейт жерлер. Орыстар бұлардың жерін отыз жыл бойы осы табиғатына бола жауласа, біздің жеріміздің қай жеріне қатты қызықты екен десейсің.

Шығыс пен батыстың ортасындағы көпір сияқты қазақ жері өмір-еркін жаулап алып, ойларына келгенін істеп,

сөп Мұстафа Шоқайдың арқасында елге кейін аман-сау қауышқан С.П.ның өңгімесін жазбау мүмкін емес. 1980 жылдары егіс басында газеттен суреті мен басылған Мұстафа Шоқайдың тақырыпты мақаласын оқып отырғанда төрде жатқан С.П. ақсақал маған қарап «Мынау Мұстафа Шоқай ма?» деп менің ұстаған газетіме қарай ұмтыла кетті. «Ее, бұл керемет адам еді» деп газетімді алып оқи бастады. Мен соғыс кезінде пленге түскендерді, оның ішінде қазақтарды сапқа тұрғызып, аралап жүргенде біздің алдымызға келіп «Сендер қайдансыңдар?» деп таза қазақша сұрақ қойды. Мен өзімнің Тереңөзектең, оның ішінде Аламесектен келгенімді айтып бола бергенімде алдыма жетіп келіп қасындағы еріп жүрген адамды «жаз мына кісіні, сосын дереу алып кетіміз керек» деп үш-төрт адамды бөлектеді. Сол үш-төрт адамның ішінен мені көбірек оңашалап болды. «Пленге қашан түстің?» деп егжей-тегжейіне дейін сұрап болған соң елге қайтуға құжат даярлап, Бельгияға баратын пороходақ мінгізіп жіберттірмін. Тереңөзектің адамдарынан мен де қолымнан келген көмегімді аямауым керек. Елге аман-есен барғаннан кейін сендерді ешкім уәселемейтіндей етпеймін» деді.

Жол картасын алып, тігін машинасын түйеге мықтап артып алып «Қазақстан қайдасың?» деп тартып кетті. Жолда тоқтатқан адамдарға құжаттарың көрсетіп еш қиындықсыз 1,5 күннің ішінде орынбордың шетіне ілікті-ау. Грузиядан әкелген базарлық аяқ машинаны көргенде Ақболтайдың қуанғанын айтсайсы. Кейін ел ішіне ігілігін тігізіп, әсіресе колхозды Төлген басқарған жылдары көп көмегі болды.

«Пленге қашан түстің?» деп егжей-тегжейіне дейін сұрап болған соң елге қайтуға құжат даярлап, Бельгияға баратын пороходақ мінгізіп жіберттірмін. Тереңөзектің адамдарынан мен де қолымнан келген көмегімді аямауым керек. Елге аман-есен барғаннан кейін сендерді ешкім уәселемейтіндей етпеймін» деді.

Елге келген соң үкіметтің тіршілігіне оралмастан кете бердік. Қазақ халқының келешегіне саналы өмірін сарп еткен нартула азаматтың кейін бір «сандалған сарттың» қолынан үш қайтыс болғанын оқығанда қатты қайырыған еді. Қолыңдағы сол кісі берген алтын сағатқа ұзақ қарап қалып еді.

Мұқан МҰРАТБАЙ, Аламесек ауылының тұрғыны

Бәрекеді!

Ұлттық ойын ұлықталған дода

Халқымыз «Қой асығы демей-ақ, қолыңа түссе сақа тұт», «Асығың алшысынан түссін!» деп мақалдап сөйлеуінде асық ойынының ұзақ мәдениетіндегі өзіндік орнын байқатады. Жалпы асық ойыны – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Асықты далада, алаңда ойнайды. Асық ойнап өскен бала мерген, өзгелерден ептілеу, зеректеу, табандырақ, шыдамды болып келеді.

Нақтырақ тоқталсақ, асықтың алғы, тәйке, бүк, шик, омпа, шоңқа деген түрлері болады. Оның ішінде алшыны өте жоғары бағалаған. Өмірде жолы болған адамдарды «Асығы алшысынан түсіп тұр» деп айтады. Жақсы көрген жас бұйына «алтын асықтай немесе киіктің асығындай шымыр бол» деп сипаттау тегіннен тегін емес. Өйткені осы ойын арқылы бабаларымыз жас ұрпақтың сақтығын жанұйке жүйесін шыңдауға, оларды дөлдiкке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа, тәзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеген.

Жаңақадария ауылы №203 мектеп оқушылары қанжығасына басса, екінші орынды М.Шәменов ауылы №34 мектеп спортшылары жеңіп алды. Ал үздік үштікті Мақпалкөл ауылы №117 мектеп оқушылары түйіндеді.

Үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді. Бір асық ұтып алуды көздейтін ойын түрінде ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызады да көмбенің тең ортасына сызық бойына ерқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызды. Балалар көзек-көзек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигіссе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигіссе, сол асықты

Бұл ойынға Кеңес заманында ішінара шектеу қойылып, ұмыт бола бастаған еді. Шүкір, бүгінде ойын қайтадан түлеп, балалар ойнай бастады. Атап айтқанда, елімізде асық атудан жарыстар, ел біріншіліктері өтуде. Әйтсе де, ұлттық ойынымыз бұқаралық деңгейде дамымай отыр.

Осы орайда «Наркескен» спорт клубында асық атудан 2009 – 2011 жылы туылған жасөспірімдер ұлдар арасында жеке тұл және командалық облыс біріншілігіне іріктеу жарысы өтті. Жарыстың мақсаты – этномәдени өмір тудыраған тәултума өнерімізді қайта тулату, оқушылар арасында спорт ретінде насихаттау. Сондай-ақ облыс біріншілігіне қатысуға аудан спортшыларын іріктеу.

Сондай-ақ «Наркескен» спорт клубында бесасықтан қыздар арасында сайыс өтті. Иә, ойын арқылы бесасықты жандандырып, оқушылардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын қалыптастыруға болады. Сондай-ақ баланың шығармашылық, ізденімпаздық, ойлау қасиеттерін дамытуға, шыдамдылығын арттыруға, ұжымдасып жұмыс істеуге баулуға мүмкіндік бар. Міне, сайыстың мақсаты ауқымды, оқушыларға асық ойынын жоғары деңгейде меңгеріп, ойлау стилі мен рухани мәдениеті қалыптасқан, спорт саласында эстетикалық сауатты тұлға тәрбиелеп, даярлау болып табылады.

Додаға кент және ауылдардан 30 оқушы қатысып, өнер көрсетті. Сайыс нәтижесімен жүлделі бірінші орынды

Жаңақадария ауылы №203 мектеп оқушылары қанжығасына басса, екінші орынды М.Шәменов ауылы №34 мектеп спортшылары жеңіп алды. Ал үздік үштікті Мақпалкөл ауылы №117 мектеп оқушылары түйіндеді.

Сондай-ақ «Наркескен» спорт клубында бесасықтан қыздар арасында сайыс өтті. Иә, ойын арқылы бесасықты жандандырып, оқушылардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын қалыптастыруға болады. Сондай-ақ баланың шығармашылық, ізденімпаздық, ойлау қасиеттерін дамытуға, шыдамдылығын арттыруға, ұжымдасып жұмыс істеуге баулуға мүмкіндік бар. Міне, сайыстың мақсаты ауқымды, оқушыларға асық ойынын жоғары деңгейде меңгеріп, ойлау стилі мен рухани мәдениеті қалыптасқан, спорт саласында эстетикалық сауатты тұлға тәрбиелеп, даярлау болып табылады.



ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді. Асық ойынының халық арасына кең тараған басқа да түрлері бар. Жарысты ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз. Аудан абыройын республикада, елдеме асқататуға тырысамыз, — дейді Нариман Нұрбекұлы.

Сондай-ақ «Наркескен» спорт клубында бесасықтан қыздар арасында сайыс өтті. Иә, ойын арқылы бесасықты жандандырып, оқушылардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын қалыптастыруға болады. Сондай-ақ баланың шығармашылық, ізденімпаздық, ойлау қасиеттерін дамытуға, шыдамдылығын арттыруға, ұжымдасып жұмыс істеуге баулуға мүмкіндік бар. Міне, сайыстың мақсаты ауқымды, оқушыларға асық ойынын жоғары деңгейде меңгеріп, ойлау стилі мен рухани мәдениеті қалыптасқан, спорт саласында эстетикалық сауатты тұлға тәрбиелеп, даярлау болып табылады.

Жарысқа қатысушы оқушылардың айтуынша, асық ойынының мынадай түрлері бар. Мәселен, құмар, тәйке, омпы, алшы, хан ату, қақпақыл және т.б. Бұл ойынға 2-4 адам қатысады. Олардың жақсы жонылып, табаны қайралған төрт асығы болуы керек. Ойыншылар өзара келісіп, жеңімпазға жүлде тағайындап алады да кезек-кезек төрт асықты иреді. Егер ирүші төрт бүк, не төрт шік, не төрт алшы, не төрт тәйке түсірсе, жүлденің жарытын олады. Ал төрт асық төрт түрлі түссе, онда тігілген жүлдені түгелдей иемденеді. Осылайша ойын жалғаса береді.

Жандос ЖАЗКЕН



Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-56 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №139